

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы 26 мамырда  
жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Р.В. Склярға

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Роман Васильевич!

Каспий теңізі акваториясында қалыптасып отырған қолайсыз экологиялық жағдай жұртшылықтың негізді қатты алаңдаушылығын туғызуда.

Қолдағы мәліметтерге сәйкес, Компания NCOC (*North Caspian Operating Company*) биылдан қалдырмай «Қашаған» кен орны жобасының логистикасын қамтамасыз ету үшін Каспий теңізінде кеме қатынасына қажет арналар қазуға ниеттеніп отыр (*ұзындығы 56 км, ені 80 метрден 115 метрге дейін бірнеше кеме қатынасы каналдары, диаметрі 325 метрден 380 метрге дейін 10 бұрылу бассейні салынатын болады. Каспий түбінен шамамен 29 млн м<sup>2</sup> аумағынан 18,5 млн м<sup>3</sup> астам топырақ алу жоспарланып отыр*).

Өз кезегінде, қабылданған экологиялық кодекске сәйкес Каспий теңізінің солтүстік бөлігі мемлекеттік қорық аймағына жатқызылған және табиғатты пайдалануда және инженерлік-құрылыс жұмыстарын жүргізуде ерекше мәртебеге және шектеулерге ие. Су және балық ресурстарын қорғауға, сондай-ақ экожүйенің тұрақты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы пайдалану режимі анықталды.

Солтүстік-Шығыс Каспий акваториясы батыс өңірлердің балық ресурстарын және биоәртүрлілігін молайтуды қамтамасыз ететін бірегей экожүйе болып табылады.

Сондықтан, Каспий акваториясында кеме қатынасы арналарын қазу жобасы орны толмас экологиялық апатқа ұшыратуы мүмкін (*кең аумақтардағы су түбі организмдерінің 100% жойылуы; судың лайлануының пайда болуы балықтырды азықтандыру мен көші-қон жағдайларын нашарлатады; қалқыма заттар су бағанына түседі, ағыстармен тасымалданады және Солтүстік Каспий акваториясының бойынша түбіне шөгеді, ихтиофаунаның азық базасын жояды*).

Орхус конвенциясының талаптарына сәйкес азаматтар экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге құқылы болуы керек. Теңіз кеме қатынасы каналдарының қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы (ҚОӘБ) бойынша қоғамдық тыңдауларды компания 2020 жылғы 21 қыркүйекке тағайындап, өткізді. Алайда, Атырау облысы Табиғи ресурстар басқармасы ресми сайтында аталған жобаның ҚОӘБ жарияланбаған.

Бұдан басқа, NSOC компаниясы мұнай өндірудің бүкіл кезеңіне, яғни 2038 жылға дейін Каспий теңізі деңгейінің өзгеруі жөніндегі болжам деректерін жұртшылыққа жарияламай отыр.

Сонымен қатар, Каспий теңізі – Ресеймен, Әзірбайжанмен, Түркіменстанмен, Иранмен шектесетін тұйық су айдыны. Қазақстан 2000 жылы ратификациялаған «Трансшекаралық мәнмәтінде қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы» БҰҰ ЕЭК халықаралық конвенциясы шеңберінде **қазақстандық тарап Конвенцияның 3, 4, 5 және 6-баптарына сәйкес консультациялар өткізуге және осы жобаны өңірдің барлық елдерімен міндетті түрде келісуге тиіс еді.** Бұдан басқа, Қазақстан 2005 жылы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялады, оның 8-бабында **«...тараптар Каспий теңізінің түбіндегі қызмет нәтижесінде оның ластануын болдырмаудың, азайтудың және бақылаудың барлық қажетті шараларын қабылдайды»,** 14-бабында **«...тараптар Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға, сақтауға, қалпына келтіруге, сондай-ақ ұтымды пайдалануға ерекше назар аударуға тиіс...»** деп көрсетілген.

Осыған байланысты, халықаралық экологиялық нормалар мен қолданыстағы конвенциялардың талаптарына сай аталған жұмыстарды іске асыру үшін бірінші кезекте трансшекаралық контексте ҚОӘБ жобасы жасалуға тиіс.

Сонымен бірге, қоршаған ортаға үлкен теріс әсері бар мұндай жобалар жоспарлағанда міндетті түрде жобаны дамытудың басқа да баламалы нұсқалары ұсынылуы қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, келесі сұрақтарға жауап берулеріңізді сұраймыз:

1. Неліктен арнаны төсеу жобасы таңдалды? Жобаның баламалы нұсқалары қарастырылды ма (көпір, ауа жастықтарындағы су көлік құралдары, эстакада және т.б.)?

2. Жоба Каспий өңірі елдерімен келісілді ме?

3. Каспий теңізінің деңгейі жылына 15-20 см төмендейтіні белгілі. Егер таяудағы 4-5 жылда теңіз деңгейі қайтадан осындай қарқынмен төмендей беретін болса, арналарды қосымша тереңдету және жұмыстарды қайта жүргізу қажеттілігі туындамайды ма?

4. Тасымалдау каналының бағыты орнатылды ма және алынатын топырақ қайда бағытталады? Топырақты алу және орнын ауыстыру үшін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган беретін арнайы рұқсат бар ма?

5. Жоба іске асырылған жағдайда орындалған экологиялық іс-шаралардың сәйкестігін тексеру үшін жобадан кейінгі талдау жүргізіле ме?

Сонымен қатар, осы жобаның заңдылығы мен тиімділігін мұқият тексеру жүргізу қажет деп санаймыз.

Осы жобаның қоғамдық-резонанстық сипатын ескере отырып, Халықаралық экологиялық нормалардың талаптарына сәйкес, «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобаны дайындауды және трансшекаралық контексте жүргізуді сұраймыз.

Жауапты заңнамамен белгіленген мерзімде ұсынуды сұраймыз.

**Құрметпен,  
Депутаттар,  
«NUR OTAN»  
партиясы фракциясының  
мүшелері**

**«Ақ жол» Қазақстан  
Демократиялық партиясы  
фракциясының мүшесі**

**Д. Турғанов  
С. Мусабаев  
Е. Жаңбыршин  
Е. Абақанов  
А. Кожаметов  
С. Нақпаев  
С. Ерубаяев**

Орынд. Н.Нурбаев  
Т.746434